

**КОЛДЫБАЕВ, С.А., КИНЖИБАЕВА, А.С.  
ЗАМАНАУИ ЖЕТЕКШІНІҢ КОМАНДА ТАҢДАУ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРИ**

Мақалада қазіргі кездегі үйымның қызметі мен оның қызмет ету сипаты жағдайында команданы қалыптастыру мәселесі қарастырылады. «Команда», «басы», «тұлға» сияқты үгымдарға, сондай-ақ өз командасын таңдаудагы жетекшінің ерекше рөлін көрсететін психологиялық ерекшеліктерге ерекше назар аударылады. Бір жағдайда, команданың қалыптасқан оң психологиялық ахуалы қогамның өмір сүруінің тімді оң тетігі болып табылады. Басқа жағдайларда, басқа жағдайларда команданың психологиялық қоңыл-күйі қотышліктің, халықтың, мемлекеттің мұдделеріне сәйкес келмейтін осы үйім мушелерінің тар-эгоистік мұдделерін шешетін өзгеше болуы мүмкін.

*Кітт сөздер:* басы, тұлға, команда, психологиялық ерекшеліктері, үжым.

**KOLDYBAEV, S.A., KINZHIBAEVA, A.S.**

**PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE TEAM SELECTION PROCESS BY A MODERN MANAGER**

The article presents the actual problem of team formation in conditions of modern organization and character of its functioning. Special attention is paid to such concepts as: «team», «leader», «personality», as well as psychological features that emphasize the exceptional role of the leader in the selection of his team. In some cases, the established positive psychological atmosphere of a team is capable of becoming an effective positive mechanism of life activity of society. In other cases, in other conditions, the psychological mood of the team can already be different, decisive narrowly egoistic interests of the members of this organization, which do not coincide with the interests of the majority, people, and state.

*Key words:* leader, personality, group, psychological features, team.

## ӘОЖ 8.81

**Қанапина, С.Ф.**

филология ғылымдарының кандидаты,  
филология департаментінің  
қауымдастырылған профессоры  
**Сабыржан, Н.С.**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оку бағдарламасының 2 курс студенті  
**Сакенова, С.С.**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оку бағдарламасының 2 курс студенті  
**Мақсұтова, М.Қ.**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оку бағдарламасының 2 курс студенті,  
Ә. Султанғазин атындағы ҚМПУ,  
Қостанай, Қазақстан

## СӘКЕН ЖҮНІСОВТІҢ «ЖАПАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ҮЙ» ШЫГАРМАСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Түйін**

Тілдегі теңеулер – бүгінгі үлттық әдеби тілдегі бағзы заман өмірінің адам санасындағы үқсату белгісінің көркемдік қуаты. Берілген мақала Сәкен Жүнісовтің «Жапандагы жалғыз үй» романындағы теңеулердің этнолингвистикалық қолданысын зерттеуге арналған.

*Кітт сөздер:* теңеу, этнолингвистика, сөздік, мазына, құбылыс.

## 1 Кіріспе

Тенеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ен көп тараған тәсілі. Жасалу қалпына қарай тенеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде тенеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырган нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қымыл-қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған тенеулер де жиі кездеседі. Бір-біріне мұлде жана сымы жоқ сияқты көрінетін екі нәрсенің қандай да бір қасиет-белгілерінен, не қымыл өзгешелігінен ұқсастық, жақындық тауып, тенестіруге болатынын атап айта кету кажет. Бұдан тенеуді әдебиетте, поэзияда бейнелеу құралы етіп пайдаланудың шексіз бай мүмкіндігі бар екені айқындалады.

Тенеудің өзгешелігін, мазмұндылығын, теренірек түсіну үшін тағы бірер мысал келтіруге болады. Алдымен «*қоптің қүші колдей, кошип жүрген елдей*» деген тенеуді алайық. Осы тенеулер біздің көз алдымызға шалқар айдын көлді, шетсіз, шексіз сияқты болып, шалқып жатқан суды, не болмаса, үдере көшіп келе жатқан көп адамның, елдің бейнесін елестеді. Сондықтан біз көптің қүші мығым, зор деген тұжырымды тек ұғым күйінде ғана қабылдап қоймаймыз, көз алдымызда айқын елес беріп тұрған көлдің, елдің көрініс әсері, суреттілік, бейнелілік әсері арқылы терең сезіне отырып та қабылдаймыз.

Немесе, *қақтаган ақ күмістей* деп қыздың мандаидын сипаттайтын тенеуге зер салып қарасақ, мұның мағынасы өте кең, бай екенін көреміз. Бұл тенеу сұлу қыздың мандаидының ақ, кең деген тікелей көрсетілген сипаттарымен қатар жарқыраған, жазық, нәзік, ешбір мінсіз, көз тартарлық көркем деген сияқты талай қасиеттерін де қоса анғартады.

Тенеу туралы айтылғанда салыстыру үшін қандай нәрсе алынып отырса, соған көбірек мән беріледі. Асыльында, мәселе тек онда ғана емес. Сол салыстыру арқылы сипатталып отырган құбылыс, нәрсе қандай, оның нендей ерекшелігі көрсетіліп отыр және екі нәрсені тенестірудің өзінен қандай мағына туып, ой анғарылады – міне, алдымен осылар толық ескерілуғе тиіс [1].

Қазақ тіл білімінде тенеуге толық талдау жасаған ғалым – Т. Қоныров. «Қазақ тенеулері» атты ғылыми монографиясында тенеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастыра отырып, тенеуге анықтама береді:

«Сонымен, тенеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да тенеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді».

Ғалым К. Жұмалиевтің пікірінен шығатын қорытынды мынау: қазақ тенеулерінің жасалуының үш түрлі тәсілі бар: бірінші, -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жүрнақтары арқылы, екінші, -ша, -ше жүрнағының көмегімен, үшінші – секілді, сияқты, тәрізді сөздері. К. Жұмалиевтің бұл пікірі дұрыс болғанымен, тенеудің жасалу тәсілдерін түгел қамти алмайды. Қолда бар қыруар материалды сұрыптаі келгенде, қазақ тіліндегі тенеулердің жасалуының тәмендегідей жолдары бар екені анықталды:

1) **-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін** жүрнақтарының көмегімен;

2) **-ша, -ше** жүрнағының көмегімен; белгісіз нәрсені, жүртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру арқылы көзге елестету орындалады. Қазақ тіліндегі тенеулердің көпшілігі-ақ осы жүрнақтар (дай-дей, тай-тей, ша-ше) арқылы жасалады:

«Көзі жарық жұлдыздай  
Мойның қыл қобыздай  
Құйрығы бар қамшыдай  
Шудасы бар жамшыдай..»  
«Қазша қанатын жаяды,  
Үйрекше мойның созады,  
Құсша қонады...»

**3) Шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен)** көмегімен тенеулік образда жасайтын тәсіл. Мәселен, аузызекі тілде казактар қойдан жуас, иттің етінен жек көрү, бетегеден биік, жусаннан аласа, сұттен ақ, судан таза деген тәріздес сөз тіркестерін мейлінше мол қолданады. Бұл тәсілдің көмегімен сапалық ұғымдар бір-бірімен салыстырылып, сол салыстырудың нәтижесінде тенеулік образ жасалады. *Белі нәзік талып тұр, Тартқан сымнан жіңішке, Үзіліп кетпей негын тұр!?* (Батырлар жыры), *Қызығы бұл дүниенің бағдан тәтті, Қоңылғе бек сақтаған қанағатты* (Майлықожа).

**4) Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;**

«Ұяты жоқ жігіт

Жүгенсіз ат секілді.

Ұяты жоқ әйел

Тұзсыз ас секілді...»

**5) Бейне сөзінің көмегімен тенеулер аналитикалық тәсіл арқылы жасалынады.**

Толқын бейне арыстан

Ашуынан айрылар.

Көк ала жалын қолға орап,

Тартсам менен қаймығар [3].

**6) Тен сөзінің көмегімен;**

**7) Ұқсас сөзінің көмегімен;**

Қазақ тілінде бұл аталған тәсілдерден басқа да тенеу тудыратын тәсілдер бар. Соның бірі – ұқсас (ұқсайды, ұқсап, ұқсаған) сөзінің тенеулік қызметі. Бұл тәсіл – тенеу тудыратын ең пәрменді тәсілдердің бірі. Ұқсас (ұқсап, ұқсаған, ұқсайды) сөзінің көмегімен жасалатын тенеулік конструкция – қазақ тілінің ертеден бері келе жатқан етене. Әнімді тәсілі. Бірақ осы күнге шейін бұл тәсілдің тенеу категориясына қатысты қарастырылмауы – таңғаларлық жайт.

**8) Параллелизм тәсілі көмегімен;** Мұнда екі нәрсе қатар алынады да, олар бір-бірімен салыстырылады. Тенеудің *параллелизмдік тәсілінің* классикалық ұлгілері, әсіресе, ауыз әдебиетінде кеңінен тараған. Соның бірі «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің монологы:

*Бұқар барсаң, қолаң бар, Қолаңды қөр де, шашым қөр. Зергер барсаң қасында, Алтыннан соққан түйме бар, Түйме қөр де, басым қөр.*

**9) Аラлас тәсілдің (бейне және -дай, -дей; бейне және секілді) көмегімен;**

Мұнда жоғарыдағы тәсілдердің екеуі не үшеуі бірігіп келіп, тенеулік образ жасайды. Бұл жағдайда тенеудің мағынасы күшейіп, образы мейлінше айқындала түседі. Мысалы:

1) *Қыздар жүр, дүр төгілген қолаң шашы, Бейне піл тұмсығындаій білеуленген* (Д. Әбілов).

2) *Дәл бейне ерте шыққан бұлдіргение, Суық соғып бүрісер, дәмі енгение.* (Айттыс).

**10) Қосалқы тәсілдер көмегімен**

Тілімізде тенеу жасаудың бұлардан басқа да әнімсіз амалдары бар. Мысалы:

а) *Ширығып шыдамы жоқ тұр ханыша, У жеген бурыл бөрі турымданып* (І. Жансүгіров).

б) *Аумаган бір маймыл, күшті дейсің ғой бір* (С. Мұқанов).

Бұл келтірілген мысалдар түрлі жолмен жасалған: «а» мысалындағы тенеу «порымданып», «б» тенеуі «аумаган» сөзінің көмегімен пайда болған [2].

*Қайыңдар күмістің сом бақанындаі,*

*Жиі терек әскердің қатарындаі.*

*Бұтақтар жасырағы сылдыраған*

*Өзбектің батсайы шапанындаі* (С. Мұқанов).

*Шұғыла шалған кешікі бұлттай,*

*Толқын шашта оттар ойнап,*

*Өрт топанын кешіп, Нұхтай*

*Жалғыз өзі тұрды бойлан:*

Тұрды ұқсан, тұрды кейде  
От ұстаган Прометеіге (К. Аманжолов).  
Шашылым Алатаудың үришығындаі,  
Шабыттың шырқап биік ырышуындаі.  
Шолып түр шартаралты Абай шыңы,  
Шытырман жақпар-жақпар жыр шыңындаі. (Ж. Молдагалиев).  
Шілдеде қандай момақан,  
Толқының майды мақпалаңай.  
Бірнеше жұмсақ алақан  
Көтеріп бара жатқандай... (F. Кайырбеков).

Жоғарыда төрт ақыннан мысалға алынған төрт шумақ өлеңдегі теңеулерге қайта оралсак, бұлардың ішінде қайынды бақаммен, толқынды мақпалмен салыстырған жай теңеулермен қатар, бүтін бір құбылысты бірнеше сөзben бір бөлек ұғымға көшіріп тұрған күрделі теңеулер де бар екенін көреміз: Қасым Абдолла ақынның өrt ішінде лаулаған ғаламат кескінін көзге елестету үшін бір ғана зат емес, бүтін бір ұғымды тұтасымен теңеуге айналдырып, Тұрды ұқсан, тұрды ол кейде от ұстаган Прометеіге десе, Fafu да суда жүзген адамның майды толқын құшағындағы қалпын, қалпын емес-ау түйсігін бір сөзге сыйғыза алмай, теңеуін бірнеше сөзben ұлғайта бере бірнеше жұмсақ алақан көтеріп бара жатқандай деп, тамаша образ жасап тоқтайды. Бұлардың қай-қайсысы да – теңеудің ұлғайған, күрделі түрі [3].

## 2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Теңеудің шығу тегі, тұрларі жайлы зерттеген ғалымдар енбектері қаралды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. С. Жұнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» шығармасында қолданылған теңеулер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

## 3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Жазушы С. Жұнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» романында кездесетін **теңеулер**:

1. Қашанда ұрыс шығарып, үй ішіндегі адамдарды **қуырдақша** қуырыр алдында, Қарасай осылайша белгілі нәрсені түсінбегендей жорта қазбалап сұрап, соқтығуға қара іздейтін [4].

Бұл жердегі қуырдақ сөзінің тағам ретіндегі мағынасы түсінікті. Алайда, сөйлемде ол мағынала емес ауыспалы мағынада, апшысын қуыру сөзінің орнына жұмсалып тұр.

2. Әне, ана Молдабайдың өзін сықылды **алтын асықтай** баласы қыстай Қапышка сөз салдырып қолы жетпей отырған жоқ па [4].

Қазақ халқы қашаннан да балажан халық. Соның ішінде қолынан іс келетін, жүртқа жұғымдысын алтын асықтай деп атаған. Яғни, басқалардан ерекшелеген. Бұл сөйлемде де **алтын асықтай** теңеуі осы мағынада жұмсалынған.

3. Қыземшектің етегіндегі жазық жондағы кең дастарқанда шашыла жатқан он шақты **бауырсақша** домаланған тракторлар жер жыртып жүр [4].

Бұл сөйлемде бауырсақ сөзінің тағам ретіндегі мағынасы түсінікті. Бірақ, бұл жерде ауыспалы мағынада жазықтың әр жерінде жер жыртып жүрген тракторлар дастарханда шашылып жатқан бауырсаққа теңеліп тұр.

4. Еденіне шөп төсеген жер үде каз-қатар сұлап, өреге жайған **қазақ аулының сықпа құртындаі** тізіліп, киімшеш солдаттар ұйықтап жатыр [4].

Сықпа құрттың тағам ретіндегі беретін мағынасы түсінікті. Алайда сөйлемде ауыспалы мағынада жер-жерде ұйықтап жатқан солдаттарды ауыл үде өреде жайылып тұрған құрттарға теңеп отыр.

5. Қазақтың **кең сахарасындаі** мінезі кең, жерін жыртып, кенін қазбасаң біле бермейтін, бар алтынын ішке сақтайтын, ғажайып **бай жердей**, мақтаншақтығы жоқ тұйық, **самал желіндей**, баяу **тербелген көліндей** жуас, бұлтсыз мөлдіреген **кіршікіз аспанындаі** жүргегі таза, ақ көніл [4].

Бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап өткен байтақ даласы біз үшін қашанда қасиетті құтты қоныс. Бұл сөйлемде қазақ даласының кереметтілігі адам мінезінің ашықтығы, сыр бүкпестігі, сыйпайылығы, қарапайымдылығы, тазалығы ұлан-ғайыр жерімізбен ондағы табиғат құбылыстарына тенеліп тұр.

6. **Құбідей** домалап, жер тырмалап, өз кеудесін өзі соғады [4].

Қазакы ұғымда бие сүтін ашытып одан қымыз жасайтын құбінің тұрмыстық маңызы зор. Ерте заманнан қолданылып келе жатқан тұрмыстық құрал келе-кеle өзінің тұр-тұлғасына байланысты тенеуге айналған. Бұл сөйлемде өз-өзіне келе алмай, болған жайды түсіне алмай қалған кейіпкер іс-қимылын құбідей домалап деп теңеп көрсетіп отыр.

7. **Сүттей** жарық ай астында, сирек қонақтаған ақ шуда бұлт бауырында сызылған ақку үні, бір үйір көш бастап тыраулаған тырна үні анда-санда саңқ ете қалады [4].

Көшпелі халықтар сүтті қасиетті санап, оны бос-тиян ысырап етпеуге тырысқан. Аның ақ сүті деп жастайынан баласының құлағына құйып ұғындырып өсірген. Ал, бұл сөйлемде түнгі аспанның ашықтығы мен айдың жарықтығы сүттей тазалыққа тенелген.

## 5 Қорытынды

Қорыта келгенде, тенеу дегеніміз – белгісіз нәрсені жұртқа мәлім нәрсемен салыстыра айтатын көркемдік ұғым. Соның ішінде этнолингвистикалық тенеулер ұлтымыздың сан ғасырлы тарихынан сыр шертетін, оны қазіргі заманғы нәрселермен салыстыра көрсететін бейнелі ұғымдар. Олар арқылы ұлттық мәдениетіміздің байлығы, сөздік қорымыздың молдығы көрініс табады. Ғылыми макала Сәкен Жұнісовтің «Жапандагы жалғыз үй» романындағы этнолингвистикалық тенеулерді анықтауға арналған. Жалпы алғанда, Сәкен Жұнісов өз шығармасында ұлттық тенеулерді ерекше мағыналы түрде қолдана білген.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. «Мектеп» баспасы – 1973. – 180 б.
- 2 Қоңыров Т. Тұракты тенеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 б.
- 3 Қабдолов З. Оқулық және оқулыққа қосымшалар. – Алматы: «Санат», 2003. – 528 б.
- 4 Жұнісов С. Жапандагы жалғыз үй: роман. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 336 б.

Материал редакцияга тусти: 23.12.2019

**КАНАПИНА, С.Г., САБЫРЖАН, Н.С., САКЕНОВА, С.С., МАКСУТОВА, М.К.  
ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР СРАВНЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ САКЕНА  
ЖУНУСОВА «ЖАПАНДАГЫ ЖАЛҒЫЗ ҮЙ»**

*Языковое сравнение – это художественная сила в сознании человека в современном национальном литературном языке. Данная статья предназначена для изучения этнолингвистического применения сравнений в романе Сакена Жунисова «Жапандагы жалғыз үй».*

*Ключевые слова:* сравнение, этнолингвистика, словарь, смысл, явление.

**KANAPINA, S.G., SABYRZHAN, N.S., SAKENOVA, S.S., MAKСUTOVA, M.K.  
ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF THE COMPARISON IN THE WORK OF SAKEN  
ZHUNUSOV «JAPANDAGY JALGYZ UI»**

*Language comparison is an artistic force in human consciousness in the modern national literary language. This article is intended to explore the application of ethno-linguistic comparisons in the novel Saken Junisov «Japandagy jalgyz ui».*

*Key words:* comparison, ethnolinguistics, dictionary, meaning, phenomenon.